

№28 «Мақташы» жалпы орта білім беретін мектебі КММ-нің психологиялық қызмет бойынша 2022-2023 оқу жылдарың жылдық жұмыстар есебі

Тамыз айында психологиялық қызмет бойынша жылдық жоспар, сійкесінше әртүрлі бағыттағы профилактикалық және психологиялық жұмыстар, оқу-тәрбие жұмысына қатысушылармен жұмыс жоспарлары жасақталып бекітілді.

Психологиялық жұмыстарға арналған материалдар жинақталып, кабинет жабдықталып реттелді. Әр буын бойынша оқушылармен жүргізілетін әдістемелер, сауалнамалар жаңартылып, толықтырылды.

Психологиялық қызметтің 2022-2023 оқу жылдарың жылдық жоспарына сүйене отырып, қыркүйек айында жаңадан келген оқушылардың тізімі, 1-сыныптарға қабылданатын оқушылардың тізімі алынып, психологиялық – картасы дайындалды, оқушылар туралы мәлімет жинақталып, арнайы папка арналды. 5-сынып оқушыларының бастауыш буыннан орта буынға бейімделу кезеңінің жағдайын зерттеу жүргізілді. «Мұғалім оқушы көзімен» сауалнамасы алынып, әлі де бейімделу үстіндегі оқушыларға жүргізілген әрбір әдістемені талдап, анықталған нәтиже бойынша сынып жетекшілер мен пән мұғалімдеріне және де ата-аналарға ұсыныстар берілді. Оқушыларға бесінші сыныпқа бейімделуіне жаттығулар мен ойындар жүргізілді. ПМПК шешімімен «Үйден оқытылатын» оқушылар мен түзету дамыту сыныбы оқушыларының тізімі бекітіліп есепке алынып, психологиялық карталары жасақталып, мінездемелер жазылып бекітілді, түзету дамыту жұмыстары жүргізілді. Диагностикалық бағыт бойынша бірінші сынып оқушыларының мектепке дайындығын анықтау үшін «Керн Йерасек» тесті алынып, мектепке дайындығы төмен оқушылар анықталып сынып жетекшілерге және ата-аналарына ұсыныстар, кеңестер беріліп, түзету дамыту жұмыстары жүргізілді.



«Бес терек» жобасы бойынша кабинет талдауы негізінде тәуекел тобының «Қызыл, сары, жасыл» деңгейлерін анықталып алынды. Пән мұғалімдері, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы, медбике тарапынан «Бестерек»

жобасының бекітілген жоспары бойынша кабинеттік талдау жұмыстары жүргізіліп, анықтамалар жазылды.

Далалық зертеулер бойынша 5-11 сыныптары оқушылар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша «Менің ең жақын досым», 9-11 сынып оқушылары аралығында «Менің арманым» эссе алынып, эссе қорытындысына сәйкес сынып жетекшісінің тұжырымдамасы анықталды және сауалнама, отбасы суреті т.б. жұмыстары жүргізілді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша жас ерекшелігіне сай оқушылармен «Мен өмірді сүйемін», «Жақсы көңіл –күй сыйлайын», «Әлімжеттік не екенін білесінбей?» атты ағарту жұмыстары, тренинг, сергіту ойын-жаттығулары жүргізіліп, видеороликткөрсетілді.




Мектептің жас мамандарымен жеке сауалнамалар алынып, шыққан нәтижесі бойынша кеңестер берілді, тренинг жаттығулар жүргізілді. Сынып жетекшілердің, пән мұғалімдердің және ата-аналардың сұранысы бойынша оқушылармен жеке және топтық жұмыстар жүргізілді.

Мектептің жылдық жоспарына сай педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелеге енгізіліп, бірінші, бесінші сынып оқушыларынан алынған зертеу бойынша қорытындысымен таныстырып есеп берілді.

Психологиялық қызмет бойынша, суицидтің алдын алу мақсатында өткізілетін семинарларға т.б. іс-шараларға қатысып отырдық.

Желтоқсанның 08-29 күндер аралығында «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» Республиқпалық науқанын өткізу бойынша іс-шара жоспары түзіліп жұмыстар атқарылды.




Желтоқсанның 13-22 күндері «Жан дүние әлеміне саяхат» тақырыбында онқұндіктің іс-шара жоспары бекітіліп, жоспар бойынша, мектепте жақсы психологиялық ахуал орнату, көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін, белсенділігін арттыру мақсатында іс –шара бойынша жұмыстар атқарылды.




Салауатты өмір салтын насиҳаттау және жасөспірімдердің қыздар арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу мақматында «Қыз бала-ұлттың ұяты, халықтың шырайы», «Қыз балалардағы өтпелі кезең ерекшеліктері» т.б тақырыбында лексия, тренинг жаттығулар, түсіндірме жұмыстар, сырласу кештері

өткізілді. Ауылдық емханасының психологы және акушеркасымен, мектеп медбикесімен біргелескен жиналыстарда өткізілді.




Педагогтардың көңіл-күйлерін реттеу, қарым-қатынасын тиімді тәсілдерін менгеруге көмектесу мақсатында «Көтеріңкі көңіл-күй жаназығы» тақырыбында тренинг ойын-жаттығулары өткізілді.



Зиянды әдеттен аулақ болудың алдын алу мақсатында «Әкелер мектебімен» бірлесе отырып ұлдармен «Жасөспірімдік кезеңнің психологиялық ерекшеліктері», Зиянды әдет-қоғамдық дерпт» тақырыбында видероликтер көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суцидтың алдын алу» бойынша ақпан айында ата-аналар жиналысында тренинг өткізілді. Ата-аналарға интернет сайттары бойынша түсіндірме жұмыстар жүргізілді.






Әскер

қатарына шақырылатын ұл балалардың мінезін, темперамент типін анықтап, олармен әңгіме, кеңестер жүргізіліп, мінездеме жазылды. Жоғарғы және орта буын оқушылар арасындағы аутоаггрессияның алдын алу бойынша түзету жұмыстары жүргізілді



«Тәуекел топ» оқушыларымен коррекциялық жұмыстар жүргізілді. Наурыз айында «Біз бақытты отбасымыз» тақырыбында ата-аналарымен балалары арасында тренинг жүргізілді



Жеке сұраныс бойынша оқушылармен әңгіме сұхбат жұмыстары жүргізілді. Кәсіби бағыт-бағдарға байланысты «Мамандық таңдауда қателесуге бола ма?» атты психологиялық тренинг сабак өткізілді. Болашақ мамандық және оку бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы


дүниетанымын кеңейту, мамандықтар туралы көзқарасын дамыту, алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу. Мектеп бітіруші түлектерімен «Ашу-ызамен не істеу керек?» тренинг жүргізілді, кеңестер берілді.



«Ынтымағы жарасқан отбасы-бала қуанышы» тақырыбында 27.03- 07.04 күндер аралығында онкүндік іс-шара жоспары түзіліп, кәмелетке толмағандар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу, зорлық-зомбылық фактілерінің, ерте-жүктіліктің алдын алу мақсатында жұмыстар атқарылды.




Буллингтің алдын-алу бойынша оқушыларға «Мен буллингке қарсымын», «Әлімжеттікке- тап болсаң өзінді қалай ұстауың керек?» «Кибербуллинг құрбаны» тақырыбында жаттығулар, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, роликтер көрсетілді.




Аутодеструктивті мінез-құлыштың алдын алу бойынша орта, жоғарғы сынып оқушыларына «Мен және менің ортам» тақырыбында тренинг жүргізілді.




11-сынып оқушыларына оқушылардың көңіл-күйін трақтандыру мақсатында «Сенімділік» тренингі қткізіліп кеңестер берілді. ББЖМ не дайындықты дұрыс ұйымдастыру мақсатында оқушыларына «Мен - өзіме сенемін!», «Күйзелістен қалай құтылуға болады?» тренинг ойын-жаттығулар, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Мектепте «Сенім жәшігі» мен» «Сенім телефонына» түскен хабарламалар комиссия мүшелерінің қатысуымен талқыланып шешіледі. Әлеуметтік педагогпен бірлесе отырып әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың үйлеріне барып, тұрмыстық жағдайлары мен танысып, ата-аналарымен әңгіме сұхбат жүргізілді, қолдау көрсетілді.
Жүргізілген жұмыстар уақытында қорытындыланып, таныстырылып отырылды.

Педагог-психологтар:  А. Сармантаева,

 Р. Дүйсенова